

## **Меморандумды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 20 наурыз N 129-ө

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰ-ның Қазақстанның жекелеген кәсіпорын-қалаларындағы металлургия және кен өндірісі секторының ірі мемлекеттік кәсіпорындарын құрылымдық қайта құру жөніндегі Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ) арасындағы өзара түсіністік Меморандумын (бұдан әрі - Меморандум) жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Меморандумды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін қосымшаға сәйкес құрамда Үйлестіру кеңесі құрылсын.

2. Үйлестіру кеңесіне мыналар жүктелсін:

металлургия және кен өндірісі секторының ірі мемлекеттік кәсіпорындарын құрылымдық қайта құру мәселелері жөніндегі республика саясатының стратегиясы мен басым бағытын әзірлеу;

БҰҰДБ, сондай-ақ БҰҰ басқа да мүдделі агенттіктері тарапынан берілетін техникалық жәрдемнің көлемі мен мәнін анықтау;

республика ішінде халықаралық және шетелдік донорлар есебінен қаржыландыру көздерін анықтау жөніндегі, сондай-ақ бірлесіп қаржыландыруға арналған мүмкіндіктерді іздестіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

Меморандумды қолдауға ірі кәсіпорындарды құрылымдық қайта құруда техникалық көмек көрсетуге негіз бола алатын құқықтық және нормативтік актілердің жобасын әзірлеу;

Меморандумды жүзеге асыру жөніндегі басқа да шараларды жүзеге асыру.

3. Үйлестіру кеңесінің төрағасына мүдделі министрліктер мен ведомстволардың жауапты қызметкерлері мен мамандары ішінен, қала құрайтын кәсіпорындарды құрылымдық қайта құру Бағдарламасын басқару үшін жұмыс тобын құруға құқық берілсін.

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары В.В.Соболевке Металлургия және кен өндірісі секторының ірі мемлекеттік кәсіпорындарын құрылымдық қайта құру жөніндегі барлық бағдарламаны үйлестіруші қызметі жүктелсін.

В.В. Соболев Үйлестіру кеңесі төрағасының, осы кеңес жүргізіп отырған жұмыс туралы есебін мезгіл-мезгіл тыңдап отырсын және Меморандумды жүзеге асыруға байланысты мәселелер жөнінде өз құзыреті шегінде шешім қабылдасын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
1996 жылғы 20 наурыздағы  
N 129 өкіміне  
қосымша

Меморандумды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды  
ұйымдастыруға арналған Үйлестіру кеңесі

Шөкеев Ө.Е. - Қазақстан Республикасының Экономика  
министрі (кеңес төрағасы)

Аманбаев М.Е. - Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрінің орынбасары (кеңес  
төрағасының орынбасары)

Бәйменов А.М. - Қазақстан Республикасы Еңбек  
министрінің бірінші орынбасары

Имашев Б.М. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік  
мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік  
комитеті төрағасының орынбасары

Оспанов Х.А. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп  
және сауда министрінің орынбасары

Смағұлов К.М. - Қазақстан Республикасы Экономика  
министрінің орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК